



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 99 (8485) Сенбі 15 қазан 2016 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета



М.МАНЕКЕЕВ,
“Ауыл жаңалығы”.

**АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІСІ КҮНІ,
ТАҢЕРТЕҢГІ САҒАТ 09.20-ДА
ЖАМБЫЛ СТАНСАСЫНАН
САЛТАНАТТЫ ЖАҒДАЙДА
“ЖАМБЫЛ-ЖУАЛЫ-ЖАҢАТАС”
ЖӘНЕ “ЖАМБЫЛ-ШУ-ШЫҒАНАҚ”
БАҒЫТЫНДА АҚПАРАТТЫҚ ПОЙЫЗ
ЖӨНЕЛТІЛДІ. ҚҰРАМЫНДА ОБЛЫС
ӘКІМДІГІ БАСҚАРМАЛАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ,
ЭТНОМӘДЕНИ ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ
ӨКІЛДЕРІ МЕН ЕҢБЕК АРДАҒЕРЛЕРІ,
ДӘРІГЕРЛЕР МЕН МӘДЕНИЕТ
САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ
ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ
ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ БАР
АТАЛМЫШ ЕКІНШІ БАҒЫТТАҒЫ
ПОЙЫЗ АУДАНЫМЫЗҒА ҚАРАСТЫ
“ҮШБҰЛАҚ” ЖӘНЕ “АҚШОЛАҚ”
СТАНСАЛАРЫНА ТОҚТАДЫ.**

“Тәуелсіздікке 25 жыл” атты ақпараттық пойыздың негізгі мақсаты - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы еліміз бен Жамбыл өңірінің жеткен жетістіктерін, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуін, ширек ғасырда облыс аумағында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстарды шалғай жатқан елді мекендер мен станса тұрғындарына жеткізу, оларды



медициналық тексерулерден өткізуді ұйымдастыру, арзандатылған бағамен ауыл шаруашылық тауарларын ұсыну және ел тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болып табылады.

Ақшалақ стансасына аялдаған ақпараттық пойызын аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы М.Махамбетов, Жаңатұрмыс ауылдық округінің әкімі Қ.Шалбаев, әкімшілік қызметкерлері, станса тұрғындары, мектеп оқушылары ыстық ықыласпен қарсы алды.

Тұрғындар алдында топ мүшелері, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты кәсіподақ комитетінің төрағасы Абай Шырақбаев, институт оқытушысы Абдугаффар Әлімбетов, қамқоршылар кеңесінің төрағасы Қайрат Байжановтар сөз сөйлеп, “Тәуелсіздік” атты тәтті ұғымның қадір-қасиетіне тоқталды.

Пойыз құрамында кардиолог,

терапевт, уролог, лор, тіс дәрігері, невропатолог, қан құрамын тексеруші және басқа да сала дәрігерлері бар. Арнаулы жасақталған купелерде станса тұрғындары тәжірибелі маман дәрігерлерге денсаулықтарын тексертіп, тістерін емдетіп, науқасы барлар нақты диагноздарын алды. Топ құрамындағы дәрігер, №7 Тараз қалалық емханасы бас дәрігерінің орынбасары Рахат Аймурзаевпен тілдестік. Ол сапар барысында

өуелетіп ән салды, күйшілер күмбірлетіп күй тартты. Сонымен бірге, ақпараттық пойызда тұрғындарға арзандатылған бағамен ауыл шаруашылық өнімдері, атап айтқанда, 30 тонна картоп, 20 тонна пияз, 20 тонна қант, 15 тонна ұн, 1 тоннадай қарақұмық, 4 тоннаға жуық өсімдік майлары ұсынылды. Жәрмеңке барысында картоптың әр келісі 45 теңгеден, пияздың келісі 25 теңгеден, қант 220 теңгеден, ұн 85 теңгеден, қарақұмық 265 теңгеден және өсімдік майының литрі 350 теңгеден саудаланды.

“Ақшалақ” стансасының тұрғындары осындай игілікті шараны ұйымдастырып жатқан облыс әкімдігі мен “Қазақстан Темір Жолы” АҚ-ы Жамбыл жол бөлімшесінің басшылығына, білікті дәрігерлер мен өнер саңлақтарына ризашылықтарын білдірді.



“Үшбұлақ” және “Ақшалақ” стансасы тұрғындарының 60-қа жуығы тексеруден өткенін, көпшілігінде жүрек-қан тамыры қысымы ауруы бар екенін, ал әйел адамдар арасында қаназдықтың көп кездескенін айтты.

Күміс көмей әншілер



Басылым - 2017

**ҚҰРМЕТТІ
ОҚЫРМАҢДАР!**

**МӘДЕНИЕТ ПЕН ӘДЕБИЕТ, ӨНЕР МЕН ӨЛЕН,
ӨМІР МЕН ТАҒДЫР, ТАРИХ ҒАМ ТАҒЫЛЫМ, ӘЛЕМ
АЙШЫҚТАРЫ, ЕЛДЕГІ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАЛАР, ЖАЛПЫ
АУДАНЫМЫЗДЫҢ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚТАРЫН
ЖЕТКІЗІП ТҰРАТЫН СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМДАРЫҢЫЗ
«АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ»-«СЕЛЬСКАЯ НОВЬ»**

ГАЗЕТІНЕ 2017 ЖЫЛҒА

ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ.

**Газетке жазылу
бағасы:**

**Жеке (тұлғалар)
жазылушылар үшін:
бір жылға—3430 теңге
32 тиын;
алты айға—1715 теңге
16 тиын.**

**Мекеме, ұйымдар
(заңды тұлғалар) үшін:
бір жылға—3830 теңге 28 тиын;
алты айға—1915 теңге 14 тиын.**

Газеттің индексі: 65000

**«АУЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ»-«СЕЛЬСКАЯ НОВЬ»
газетіне жазыл, оқырман!**

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР НЫСАНДАР ТАПАПҚА САЙ МА?



**М.Шалғынбай,
“Ауыл жаңалығы”.**

**ЕЛБАСЫ НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ «ҚАЗАҚСТАН ЖОЛЫ-2050:
БІР МАҚСАТ, БІР МҮДДЕ, БІР БОЛАШАҚ» АТТЫ ЖОЛДАУЫНДА ЕҢ
БАСТЫ МІНДЕТ – ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ МҮМКІНДІГІ
ШЕКТЕУЛІ АДАМДАР ҮШІН КЕДЕРГІСІЗ КЕҢІСТІК ҰЙЫМДАСТЫРУ
ЕКЕНДІГІН АТАП ӨТКЕН ЕДІ. ОСЫ ТАПСЫРМАНЫ ОРЫНДАУ
МАҚСАТЫНДА «КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК» ЖОБАСЫ ҚОЛҒА АЛЫНЫП,
БҮГІНДЕ МЕМЛЕКЕТ, АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР, БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІ
МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ БЕЛСЕНДІ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА
ТАРТУ МӘСЕЛЕСІН БІРЛЕСІП ШЕШУГЕ БЕЛСЕНЕ КІРІСТІ.**

«Кедергісіз келешек» жобасы денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтардың өмір сапасын арттыруға, оның ішінде, тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруға,

кедергісіз орта құруға, мүгедектердің құқын тиімді жүзеге асыру үшін құқықтық кеңістік қалыптастыруға бағытталған. Партияның саяси Доктринасында көрсетілгендей, әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстары барлығына бірдей болуы тиіс. Сондай-ақ, «Кедергісіз келешек» жобасының ең басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсету деңгейін жақсарту, жеңілдету, олардың өмір сүру деңгейін ілгерілету.

Осыған орай, апта басында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалынан құрылған комиссия арнайы мемлекеттік мекемелермен және үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп, партияның «Кедергісіз келешек» жобасы аясында әлеуметтік маңызы бар нысандардың мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімделуін жақсарту мақсатында рейд жүргізді.

Рейд барысында анықталғандай, мүмкіндігі шектеулі жандар мен әлеуметтік жағынан аз қамтылған топтарға қызмет көрсету барысында кемшіліктер байқалды. Олардың ішінде, тез арада ретке келтіруді қажет ететін жұмыстар да кездесті. Мәселен, кейбір ғимараттарда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандустардың арнайы бекітілген талаптарға сәйкес келмеуі оқиғаларына куә болды.

Аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ардагерлер мен мүгедектер секторының меңгерушісі Арман Түймебаевтың айтуынша, аудан бойынша екі жүзге жуық мекемелер бар, оның паспортталып, міндеттелген, пандус болуы тиіс 77 мекемесі тіркелген. Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандустардың 45-48 пайызы орындалған. Атап айтқанда, 2013 жылы 12 мекеме, 2014 жылы 13 мекеме, 2015 жылы тағы да 13 мекеме, ал, 2016 жылы 13 мекеме пандус орнату міндеті жүктелген.

“Нұр Отан” партиясы аудандық филиалы жанынан құрылған комиссия арнайы мемлекеттік мекемелер мен әлеуметтік нысандарды аралау барысындағы кемшіліктер мен оған қатысты талаптарға сәйкес болуын айтып, ескерту жасадық. Жоба аясындағы рейдтік жұмыстар алдағы уақытта өз жалғасын табатын болады, - дейді аудандық партия филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтақова.



В настоящее время в рамках Плана нации «100 конкретных шагов» реализуется 86 шаг «Разработка и реализация масштабного проекта Ассамблеи народа Казахстана «Большая страна – большая семья», который укрепит казахстанскую идентичность и создаст условия для формирования целостной гражданской общности. Вся эта работа будет увязана с реализацией Концепции развития туристской отрасли страны до 2020 года, с учётом развития внутреннего туризма и с созданием региональных культурно-туристских кластеров: «Астана – сердце Евразии», «Алматы – свободная культурная зона Казахстана», «Единство природы и кочевой культуры», «Жемчужина Алтая», «Возрождение Великого Шёлкового Пути», «Каспийские ворота».

В САМОМ ЦЕНТРЕ ЕВРАЗИИ

Т. УСЕРБАЕВА,
старший инспектор по охране
памятников истории и культуры
Байзакского района.

Сегодня Казахстан может предоставить практически все существующие виды туризма – познавательный, развлекательный, этнический, экологический. Многие иностранные государства находят Казахстан перспективным партнёром, обладающим богатым туристским потенциалом.

Общеизвестно, что весь цивилизованный мир старается привлечь основные туристские потоки, поскольку туризм является одним из немаловажных источников пополнения доходной части бюджета государства. Поэтому Казахстану необходимо увеличить поток иностранных туристов, тем более, что в нашей республике существует спокойная политическая обстановка, которая обеспечивает свободное перемещение местных и иностранных туристов.

Взять хотя бы Великий Шёлковый путь, караванные пути которого проходили через нашу область. В благодатном оазисе южных степей, на стыке кочевой и оседлой цивилизаций существовали древнейшие города мира. Веками по этой земле проходила система древних караванных дорог, ведущих из Китая в страны Ближнего Востока и Европы.

Великий Шёлковый путь является уникальным историческим памятником человеческой цивилизации. В течение столетий торговля на древнем караванном пути способствовала развитию экономики и культуры стран народов Востока и Запада Евразии. Неоценимо его значение и в наши дни, поскольку современный туризм связывает сегодня торговлю и бизнес с культурным диалогом, содействуя взаимопониманию и миру между народами.

Надо отметить, что и наш район в этом отношении представляет огромный интерес как познавательный, исторический и этнический, имея многовековую историю, к тому же, через наши

земли проходил Великий Шёлковый путь. Города Нижний Барысхан, Костобе стояли на пути караванов, шедших с Востока на Запад.

В нашем районе имеется 64 исторических памятника, которые находятся под охраной государства. Три из них республиканского значения – это городища Туймекент, Оххум, Нижний Барысхан. Городище Коктобе предложено для внесения в Список Всемирного культурного наследия ЮНЕСКО. Также были зафиксированы и задокументированы ещё 155 ранее не учтённых памятников истории культуры. 131 из них – археологические, 24 – мавзолей старины. Со временем, в рамках государственных программ развития туризма, все они станут туристическими маршрутами для желающих узнать историю Казахстана.

Также в рамках проекта Государственной программы форсированного индустриально-инновационного развития страны предусмотрены меры по созданию национального туристского кластера в рамках строительства многофункциональных туристских комплексов и центров вдоль международного транспортного коридора «Западная Европа – Западный Китай». Данная автомагистраль общей протяжённостью 2700 км удачно совпадает с казахстанским участком Шёлкового пути и проходит по территории пяти областей, в том числе нашей области и нашего района. На пути её следования проживает около пяти миллионов человек, что предоставляет уникальную возможность формирования национального туристского кластера вдоль неё.

И надо отметить, что всё это достигнуто благодаря Независимости страны 25-летие которой мы нынче празднуем. Именно с приобретением Независимости в Казахстане была заложена основа для регулирования туристской деятельности и возрождения исторического и культурного наследия страны. А без истории – нет народа.

БАСТАУЫШ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНДА



Есеп беру-сайлау жиналысы жапғасуда

А.ШОТБАСОВА,
«Ауыл жаңалығы».

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының «Бурыл» бастауыш партия ұйымында 233 партия мүшесі бар. Елдімекен көпұлтты болғандықтан, ұйым құрамы бірнеше ұлт өкілдерінен топтасқан. Ұйымда ұдайы Елбасының Қазақстан халқына арнаған «Нұрлы жол – болашақ бастар жол» Жолдауы, «Бес институционалдық реформа», «100 нақты қадам» бағдарламалары талқыланып отырады. Бастауыш партия ұйымында партияның 9 жобасы аясында бірқанша жұмыстар атқарылған. Атап айтар болсақ, «Ауыл тұрғындарын жұмыспен қамту» жобасы бойынша аудандық жұмыспен қамту орталығынан екі азамат ауылдан бордақы алаңын ашу үшін 6 млн. теңге несие алуға өтініш білдірсе, «Кедергісіз келешек» жобасы бойынша үйде оқытылатын 15 оқушыға партия мүшелерінің ұйымдастыруымен оқу құралдары сыйға тартылған. «Бақытты балалық», «Ұлы дала елі», «Ардагерлерді ардақтайық!», «Жастар – Отанға!», «Сәтті қадам» жобалары да бастауыш партия ұйымының атсалысуымен сәтті орындалуда. Ал, «Азаматтық бастамалар» негізінде «Бурыл» бастауыш

партия ұйымында 16 қайырымдылық іс-шара өткізілген. Осы жөнінде егжей-тегжейлі айтып берген «Бурыл» бастауыш партия ұйымының төрайымы Құралай Үкібаеваның есепті кезеңде атқарған жұмыстары жөніндегі баяндамасына жарыссөзге шыққан партия мүшелері Р.Наурызбекова, Л.Оразбаева, К.Өтелбаев қанағаттанарлық деген баға берді.

Мұнан соң «Бурыл» бастауыш партия ұйымына төраға, орынбасары, бюро мүшелері және «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының XIX есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар сайланып, шешім шығарылды.

Жиынды, оған арнайы келіп қатысып отырған «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы аудандық Саяси кеңесінің мүшесі, Тараз мемлекеттік педагогикалық



институтының идеология және қоғаммен байланыс департаментінің басшысы О.Сәлімбаев қорытты. Оңғар Сәлімбаевтың «Бурыл» бастауыш партия ұйымының жұмысына оң баға беріп, партияның басты ұстанымдарын, негізгі мақсат-мүддесін нұротандықтар алдында толықтай түсіндіріп өтті. Келелі болашақ жолында кемел істер атқара беруге шақырды.

Есеп-беру сайлау жиынына «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ш.Байтакова, аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Тлепов қатысты.

Күзгі көріктендіру, көгерістендіру және тазалықты сақтаудың екі айлығы аясында

Көше тазалығы-баршаға сын



Г.ӘБДІҚҰЛОВА,
«Ауыл жаңалығы».

Тазалық-баршаға ортақ. Сарыкемер ауылындағы Бәйдібек баба көшесінде тұратын, игілікті істердің басында жүретін тұл ардагері Елдес Омаровтың мұрындық болуымен өткен аптаның сенбісінде сенбілік ұйымдастырылды. Атап айтқанда, Бәйдібек баба көшесінің №33 үйден №82 үйге дейінгі аралықта тұратын тұрғындардың мүшелері сенбілікке бір үйдің баласындай ұйымшылдықпен қатысып, көше бойы мен арық-атыздарды құл-қоқыстардан тазалады. Тұрғындар қаражатына алынған жаңа үлгідегі үйдің мандайшасы жасалып, ілінді.

Тұрғындар алдында Сарыкемер ауылдық округі ардагерлер алқасының мүшесі Ж.Абилдаев пен ҰОС кезіндегі тұл еңбеккері

Е.Омаров сөз алып, ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай 25 игілікті істі қолға алу, тазалықты сақтау, көше тәртібі, жастар тәрбиесі жөнінде ойларын ортаға салса, арнайы шақырылған аудандық орталықтандырылған кітапхана директорының орынбасары Г.Сапаралиева және кітапхана әдіскері Р.Күздеубаева Бәйдібек бабаның өмірі, тарихи тұлғаның ерлік істері мен өнегелі істері туралы баяндама жасады. Қазақстанның 40 жылдығы атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Л.Көпишева болса осы көше тұрғындарының балаларының дені-Қазақстанның 40 жылдығы атындағы мектеп пен Ф.Мұратбаев мектеп-гимназияда оқитындығын айтып, оқушылар тәртібі, ата-ана мен мұғалімнің байланысы жөнінде әңгіме қозғады.

Сенбілік аясында тұрғындар өздерінің көкейлерінде жүрген ойларымен бөлісті. Мәселен, қос мектепке баратын оқушы саны 80-ді құрап отырғандықтан, балалардың қауіпсіздігі үшін көшеде қаңғыған иттердің көзін жою, ағын сумен қамту, апат жағдайда тұрған көпірді жөндеу, қоқыс жәшігін орнату, көшенің Қонаев көшесімен қиылысына жол белгісін қою, жиналған қоқысты алып кетуге айына 2 рет техника бөлуінің маңызын, сонымен қатар, ескі ағаштарды ретке келтіру, көше кезген маскүнемдерге айыппұл салу қажеттігін айтып, тиісті орындардың шара қолдануын сұранды.

Сенбілік аяқталған соң, оған қатысушылар игілікті іске ұйытқы болған ардагерлерге алғыстарын айтып, күзгі айлыққа біріксідей қатысуға шақырды.

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ТАЛАПТАРЫН ОРЫНДАУ - БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН ӨЗІНІҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ, ЗАЙЫРЛЫ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МЕМЛЕКЕТ ЕКЕНІН АТА ЗАҢЫ АРҚЫЛЫ БЕКІТІП, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІННІҢ АРАҚАТЫНАСЫН РЕТТЕЙТІН ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫНА СҮЙЕНЕТІНІН АЙҚЫНДАДЫ.

Қазақстанның мемлекеттік білім беру жүйесі де зайырлы және оның діни білім беру жүйесінен бөлек екенін айта кету керек. Яғни, зайырлылық ұғымы – білім беру мекемелерінде жастар бойында белгілі бір діни көзқарасты қалыптастыруға қарсы екенін білдіреді. Зайырлылық – Ата Заңмен бекітілген мемлекет тәртібі, сондықтан Конституция негізінде жасақталған ҚР «Білім туралы»

Заңы да зайырлылық қағидаттарын басшылыққа алады.

ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі білім берудің зайырлы сипаты болып табылады. Аталмыш заңға сәйкес білім беру ұйымдарында діни ұйымдардың құрылымдарын құруға және олардың қызметін жүргізуге, діни ымырасыздық пен айрықшалықты насихаттауға, педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін діни насихат жүргізу мақсатында пайдалануына тыйым салынады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 3-бабының 4-тармағында «діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және

зайырлы сипатта болады» деп атап көрсетілген.

Зайырлы мемлекет заңнамалары белгілі бір діни бірлестіктің мақсатын емес, тұтас азаматтық қоғамның мүддесін көздей отырып жасалады. Заң талаптары мен тыйымдары барлық дін өкілдеріне ортақ. Яғни мектептегі зайырлылыққа қатысты ұстанымдар тек ислам дініне ғана емес, басқа діндерге де тікелей қатысты болып табылады.

Мектеп формасына қатысты талаптар «хиджаб киюді» ғана емес, өзге де діндер элементтерін пайдалануды шектейді. Өйткені кез келген атрибутка, символ, элемент белгілі бір дәрежеде өзі қатысты болып табылатын сенімді насихаттауды білдіреді. Барлық діндердің заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететіндіктен зайырлылыққағидаттары жеке бір дінді ерекшелеуге жол

бермейді.

Барлық дін өкілдерінің ортақ заң талаптарына бағынуын талап ету көп конфессиялы еліміздегі ішкі тұрақтылықты сақтаудың бірден-бір тетігі. Дінаралық қақтығыстардың орын алмауына мемлекет азаматтары да мүдделі болып, оған заң нормаларын сақтау арқылы үлес қосуы тиіс.

Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығы қамтамасыз етілген. Өзге дін өкілдерімен қатар мұсылман азаматтар да бес пазызын өтеп, діни құшылықтарын кедергісіз жүзеге асыруда. Ал мектеп қабырғасында хиджабқа рұқсат берілмеуі білім мекемесінің ішкі тәртібін зайырлылық қағидаттарына сай сақтау мақсатында ғана жасалады. Мектептен тыс орындарда бұл мәселеге қатысты ешқандай тыйымдар көзделмеген. Сондықтан мектептегі хиджаб мәселесін көтеруші азаматтар сенім

бостандығына мүмкіндік беретін заңға және басшыға бағынудың әрі азаматтық міндет, әрі мұсылмандық парыз екенін түсінгені жөн.

Мектеп қабырғасында жүрген шектеулі кезеңде хиджаб кимеу қыз баланы мұсылманшылықтан шығармайтын мұсылмандардың түсінгені дұрыс. Дін формаға емес, мазмұнға сүйенеді, яғни кез келген дін үшін сырттағы киім емес, жүректегі иман маңыздырақ.

Кейбір ата-ана тарапынан «хиджаб кимеген қыз – мұсылман емес» деп айтылып жүрген көзқарастар ислам дінінің қағидаттары мен ұстанымына жат. Ислам дінінде адамның сыртқы атрибутикалық келбетінен бұрын, оның ішкі жан-дүниесіне, иманының шынайылығына үлкен мән берілетіндігі «Алла Тағала сендердің түрлерің мен мал-дүниелеріңе қарамайды. Алла Тағала сендердің жүректерің мен амалдарыңа қарайды» деген хадис шарифтен көрініс тапқан.

Дін істері комитетінің баспасөз қызметі «Қамшы» сілтейді http://qamshy.kz/home/show/11059

(Жол жазба)

«Абайдың өлген күнінен қанша алыстасам, рухына сонша жақындармыз... Бірінші ақынымыз деп қабіріне халқымыз жеңі-жеңі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар». Міржақып Дулатұлы.

Қ. БАШЕНОВА,
ардагер ұстаз.

Абай мұрасы – шын мәнінде, жалпы адамзатқа ортақ мұра. Десекте, қазақ үшін Абай сөзі, ойы – өз сөзі, өз ойындай. Тірлігінің түйткіліндегі, ағайын-достың бірде тату, бірде қату қазақи пендешілік мінезіндегі, өткен өмірінің күйініш-сүйініштеріндегі, «неге бұлай болды екен» деген өкініштеріңіздегі сіз бен біз тірелген сан сауалдың жауабын Абай сөзінің астарлы мағынасынан табардаймыз. Сондықтан болар, Алладан кейін Абайды айтпай ас ішпейтін, түйінді сөздің төркінін Абайдан іздемесе көңілі тыншымайтын, бабадан қалған асыл сөзді өмірлік ұстанымына айналдырған жасқа да, жасамысқа да, арманымыз ақшаға, тірлігіміз теңгеге телінген нарық заманында риза болмағанда қайтпексін?

Айтайын дегенім, мен де, құрбыласым Клара Қожахметқызы да Абайды зерттеуші емес, ақын өлеңін жастайынан жаттап, санада саралап өскен, есейген шақта қара сөздерін құран сөзіндей ескеріп, рухани азығына айналдырған көп оқырманның бірі екенбіз. Алайда Абай еліне, жеріне барып, басына зиярат ету- зымырап өтіп жатқан жылдар көлемесінде көмескі тартқан көп ойлардың біріндей кейінге қала беріпті. «Ойды ой-қозғайды» демекші, талай жығы сырмызсыз құрбым Клара екеуімізге осы ойымыздың орындалуының орайы келіп, біршама

алыс жол жүріп, Абай атамыздың жатқан жеріне барып қайтқан болатынбыз. Осы сапарымыздан алған әсерімізді әңгімелеп, көпшілікпен бөлісуді жөн көрдім.

Тараздан шыққаннан Семей жеріне дейін, одан әрі Абай ауданына, Жидебай жеріне жеткенше, «жаздығүні қалмаған қыстың сызы», көкорай көктемнің тынысынды ашар көркем табиғатына көз тоймастай екен. Қызғалдақты даланың теп-тегіс қызыл-жасыл бояуы көздің жауын алып, әрі қарай маңғаз төбелер, биік жоталар, бірде аласа, бірде биік көкпенбек тау сілемдерінің сұлулығы тамашалап

бұрылдық та, біраз ойланып бөгіліп, әрі кіруге именіп, ескерткіштің алдына келіп, тізерлеп отыра кеттік. Сол сәтте ақын Абайдың мына бір өлеңдері ойыма орала кетті: «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма, Өткір тіл бір ұялшақ қыз болмай ма, Махаббат, гадауатпен майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма?...»

Біз әңгімеге тартқан сол жердің күзетшісі де бізге шежіреші-тарихшыдай болып көрінді. Елуді еңсерген жігіт ағасынан суыртпақтап сыр тартқаннан-ақ өзі шешіліп әңгіме айта бастады. Баба өміріне қатысты біраз әңгіме тыңдап, шөл далада

ҰЛЫ БАБА ЕЛІНДЕ

отырып, жетер жерге еш шаршаусыз келіп қалғандаймыз.

Зулаған жеңіл көлік бізді Жидебай жеріндегі «Абайтану» орталығына алып келді. Бұл жерде арнайы келушілер тоқтайтын, ашылғанына екі аптадай болған кешен бар екен. Асханасы, жатағын қонақ бөлмелері, қызмет көрсетушілері бар жерге келіп орналастық. Күн кешке қарай болған соң мұражайда, т.б. жерлер жабық болып шықты. Бұл орындарға кіруді ертеңгі еңшісіне қалдырдық та, алыстан мен мұңдалап тұрған, биік-биік ақ күмбездерге қарай жаяулап бет түзедік. Көзге анық көрінгенімен біраз жолды (екі шақырымдай) жаяу жүріп келдік. Жолдың он жақ бетінде Ұлжан, Зере аналардың бейітінің басындағы ескерткішке кіріп дұға еттік. Осы жерде Абайдың ағасы, Құдайбердінің немере інісі Шәкәрімнің әйелі Еркежанның, Ғабитхан молданың, Ахат Шәкәрімұлының мүрдeleri қойылған. Арнайы қоршау, тастан күйылған ескерткіш тақталар алдына келіп тағызым жасадық. Одан әрі, алыстап көрінген ақ күмбездер Құнанбай қажы ұрпақтары жатқан жер екен. Кіре беріс төменде әрі қарай тарамдалған баспалдақтар арқылы биік төбеге өткенде оң жағымызда інісі Оспан мен ұлы баба қойылған қос күмбесте

біраз жұтым су ішкендей марқайып қалдық. Абай мен Тоғжан кездесу үшін өтетін эне бір өзенді көрсетті. Осы жерден 5-6 шақырымда биік төбе басында «Би атаның қонысы» бар екенін (Тобықтының атақты биі Кенгірбай Жандосұлы), келушілердің ол жакқа зиярат ететіндігін, қасиетті «Қоңыр әулі» кесенесі туралы, дәл қазір екі ортаны су алып жатқандығын айтты.

Бұл сапарымызда бізге есте қаларлық әсер еткені – кезінде Абай атамиз өзі тұрған үйі – қазіргі Жидебайдағы мұражай-үй болды. Бұл жердің шырақшысы Өсет Медеуханұлы бізді мұражайдың айналасымен, кіре беріс алдындағы мүліктерімен таныстырды. Бұл үйге кірмес бұрын – Шәкәрім бабаның «Саятқорасына» кірдік (макет). Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірінің соңғы жылдарын өткізген Саятқора сұлбасы, оның ішіндегі кезінде ақынның өзі пайдаланған заттары, құрал-жабдық, тігін машинасы, отырған үстел-орындығы, ағаш керуест, т.б. заттары бар. Жазған хаттары да орыс жазушыларымен тығыз байланыста болғандығының айғағы ретінде сақталған. Мұражай шырақшысының әңгімесінен байқағанымыз – Жидебай өңірінің өлі зерттелмеген, талай шығармаға

желі боларлық тарихы мол, өзгеше тың, тұтас әлем екендігі. Ол кісі сөз арасында әулемжердегі Құнанбай бабамыз салдырған медресенің орны барлығын, өңдеу көрмей құрып кетуге таяп тұрғанын тілге тиек етті. Жидебай маңындағы Шыңғыстау тарихынан сөз қозғады. Шынында бұл жер – сай-саласы, өзен-сулары, айнала мұнартқан биік-биік төбелеріде талай тарихи оқиғалар куәсіндей, сөз бастасак, әрі қарай өздері де тіріліп, бас шұлғып тұрған сұңғыла шежіре, тылсым да жұмбақ қазынадай екен.

Мұражай-үйде Абай атамиз кіші әйелі Еркежанмен тұрған көрінеді. Ас

үйдегі қазандық, ыдыс-аяқ, үстел бәрі қаз-қалпында сақталған. Еркежанның бөлмесінде бетін оюлап, күміспен әшекейлеп жасалған ағаш төсек, сандық тұр, кілем-төсеніштер, оның жұрағаттары кейіннен мұражайға табыстаған сәндік-әшекей бұйымдарын көрдік. Мұражай-үйге кіреберіс аулада Абай атамизға ескерткіш-бейітке ескерткіш орнатылған. Есік алдында сол заманның пәуескесі (Абай мінген екі орындық пәуеске тұр). Құнанбай мен Абайдан тараған ұрпақтар өмірі мен тағдырын зерттеу мәліметтерінен қысқаша әңгіме тыңладық.

Осы заманға жеткен ұрпақтары, алдыңғы ұрпақтың қилы-қилы қатал тағдыры, көрген азап пен қуғын-сүргіндері жайлы әңгімелердің жөні бір бөлек, ұзақ сонар тарих қой. Бұл жайлы деректі бабалардан тараған ұрпақтар сызбасын көрсете тұрып, қысқа ғана айтып өтті. Абай балаларының шығармашылығы мен өмірінен мағлұмат беретін бөлме мен сол заманның атақтылары, сал-серілері жиналатын қонақ бөлмені (жабдықтарымен қойылған домбыра, дойбы, т.б.) аралап көрдік. Бұл жердегі біраз дүниелер Семейдегі орталық мұражайға алдырылған көрінеді. Аз болса да көрген-білген, естігендерімізге шүкіршілік айтып,

шектеулі уақыттың уысына түсіп, қайтуға ыңғайландық. Әңгімешіге рахметімізді айтып, Клара құрбым мұражай туралы айшықты пікірін қара сөзбен, мен бейнелі түрде Абай атамизға арнаған екі-үш өлеңімнің біреуін келушілер дәптеріне жазып қалдырдым. Орталық басшысымен қызмет көрсетуші жас жанұя мүшелерімен қоштасып, естелікке суретке түстік. Қайтар жолда, арнайы «Абай ауылы» деп келген жолаушылар жүрген ізбен біраз тарихи орындарға аялдап тоқтадық. Қазіргі заманға сай әдемі үйлері бар шағын ауыл тау етегіндегі әсем табиғатқа оранып-ақ орналасқан – ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің туған жеріне сәл аялдадық. Әрі қарай «Қасқабулақ қасыннан неге кеттім» деген Мұқағали өлеңі тіліме орала бергенде, бұл Қасқабулақтың Абайдың Қасқабулағы екенін байқадық. Жолда «Күшікбай батыр кезеңі» деп аталатын Семей мен Шыңғыстау арасындағы Абай бабаның сан рет тоқтап, басына түнеген бекетке келдік. Арақалық тауының биік төбе басында Күшікбай батыр жерленген бейітке ескерткіш орнатылған. Сол жердегі бұлақ суы күміс сүзгіден өткізілген емдік қасиеті мол, шипалы болғандықтан бұл жерге де жолаушыға жағдай жасалған арнайы комплекс, асхана, т.б. бар екен. Біз де Абай жеріндегі шипалы бұлақ басында біраз аялдап, емдік су алдық. Одан әрі «Еңлік-Кебек» кесенесіне жолдан сәл әрідегі барып, арманда өткен қос ғашықтың әруағына тәу еттік. Бұл жерде де Абайдың бір шумақ өлеңі қашалып жазылған. Шығыс даласы терең тағдырлы махаббат күдіретіне бас иіп тұрғандай болып сезілді екен.

Сөзімді қорыта айтсам, Абай-мұрасы – жанның нәрі, жүрек сауығы, әр қырлы танымдық сипаттарымен қымбат, күрделі де тұтас әлем, кісі бойламас терең теңіз. Неше ғасыр өтсе де таным-түйсігіңде дәл сіз өмір сүріп отырған заманды меңзеп тұрғандай.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ “БАЛАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ОРТАЛЫҒЫ” КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БОС ТҰРҒАН ДИРЕКТОРҒЫ ЛАУАЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Сарыкемер ауылы, Д.Қонаев көшесі 117 үй, анықтама үшін телефон: 7-90-46, факс: 2-18-67, 7-90-46.

Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің “Балалар шығармашылығы және тәрбие орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бос тұрған директоры лауазымына (1 бірлік) конкурс жариялады.

Қосымша білім беру мекемесінің атауы: «Байзақ ауданы әкімдігі білім бөлімінің “Балалар шығармашылығы және тәрбие орталығы” коммуналдық мемлекеттік мекемесі».

Орналасқан жері: 080100, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, С.Сейфуллин көшесі, №1. Телефон: 7-90-46

Мекеме қызметінің негізгі бағыты: Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымын ұйымның Жарғысына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес басқарады. Мәдени-демалыс қызметі, дене шынықтыру және спортты дамыту саласындағы әлеуметтік, қосымша білім беретін, коммуникативті қызметтерді көрсету бойынша құрылымдық бөлімшелердің жұмысы мен өзара әрекетін ұйымдастырады.

Басқарудың заманауи әдістері негізінде жұмысты болжайды және жоспарлайды. Шағын аудандарды дамытудың әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаларын әзірлеуді және бекітуді ұйымдастырады. Білім беру сапасын бақылауды жүзеге асырады, білім беру процесі кезінде ұйымның білім алушыларының және қызметкерлерінің өмір қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдай жасайды. Педагогикалық кенестің жұмысын басқарады.

